

1 пипетка (10 мл)
 сүзгі қағаз
 1 Шотт сүзгісі (№3)
 1 соруға арналған шөлмек
 фенол (2,35 г)
 калийэтилкарбонат (3,46 г)
 көміртек диоксиді (баллон)
 дистил. су
 толуол (21 мл)
 тұз қышқылы (конц.)
 индикатор қағазы универсаль

Автоклав қондырғысының шыны реакторына (1-сурет) 2,35 г (0,025 моль) фенол және 3,46 г (0,027 моль) калийэтилкарбонатты салады. Автоклавты қымтайды, екі рет ауасын шығару үшін көміртек диоксидімен үрлейді, одан кейін 25 атм қысымға дейін көміртек диоксидімен толтырады және араластырғыш пен қыздырғышты қосады. Реакциялық қоспаның температурасын 4 сағат бойы 215⁰С дейін көтереді (температураны көтеру жылдамдығы 49⁰С/сағ) және осы күйде 1 сағаттай ұстайды. Бұдан кейін араластырғыш пен қыздырғышты өшіріп, автоклавты бөлме температурасына дейін салқындатады. Реакциялық қоспаны сумен өңдейді. Әрекеттеспеген фенолды бөліп алу үшін сулы фазаны толуолмен экстрагирлейді. Органикалық фазадан еріткішті бөліп алған соң 0,14 г фенол алынады. Сулы фазаны тұз қышқылымен қышқылдау арқылы 3,2 г (92,5%) п-оксибензой қышқылы алынады; балқу т. 205-206⁰С; қайта кристалдаудан соң (су) балқу т. 214-216⁰С. Әдебиеттік мәліметтер: балқу т. 214-216⁰С [Справочник химика. М.: Химия, 1964.Т.2.С.938].

п-Аминосалицил қышқылын м-аминофенолды натрийэтилкарбонатпен карбоксилдеу арқылы синтездеу

